



ЕЛОРДАНЫҢ ЕРТЕҢІН ЖОБАЛАЙДЫ

5-БЕТ | ШАҒАР ШАРУАШЫЛЫҒЫ



КРИПТОВАЛЮТА КІРІС КӨЗІ МЕ?

6-БЕТ | ҚОҒАМ



ЕЛДІКТІҢ ІРГЕТАСЫН БЕКЕМДЕЙДІ

7-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды.

Мұхтар ӘУЕЗОВ

”

№22 (4766)

Сейсенбі
25 ақпан
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Биыл елордада 55 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Қалада жаңа жұмыс орындарының ашылуына да инвестициялық жобалардың игілігі тиіп отыр. Бүгінгі таңда елордада сүт зауыты, көкөніс қоймалары секілді азық-түлік кәсіпорындарының құрылыстары жүргізіліп жатыр.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР ИГІЛІГІ



ТАРИХИ ОТАНЫМЕН ТАБЫСТЫ

2025 жылы 1 070 этникалық қазақ тарихи Отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 149 мыңнан астам этникалық қазақ оралды. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі хабарлады.

Жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың 51,9 пайызы – Қытай Халық Республикасынан, 37,5 пайызы – Өзбекстаннан, 7,1 пайызы – Түрікменстаннан, 1,8 пайызы – Ресейден және 1,7 пайызы басқа елдерден.

2025 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша еңбекке қабілетті жастағы этникалық қоныс аударушылар саны 60,2 пайызды, көмелетке толмағандар 32,9 пайызды және зейнеткерлер 6,8 пайызды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы қандастардың ішінен білім деңгейі бойынша 16,7 пайызы жоғары білімді, 32,9 пайызы орта кәсіби білімді, 48,4 пайызы жалпы орта білімді және 1,9 пайызының білімі жоқ.

Қоныс аударған этникалық қазақтар республиканың түрлі өңірлеріне қоныстанды.

бос орындар
ЖӘРМЕҢКЕСІ
ЯРМАРКА
вакансий

28 ақпан, 13:00-20:00 аралығында
“Барыс Арена” мұз сарайы, Тұран д., 57


Жәрмеңкеге қаланың әр түрлі жастағы тұрғындары шақырылады!

«БҰРҚАСЫННЫҢ» ҚЫЗЫҒЫ КӨП...

Елордада өткен дәстүрлі «Бұрқасын-2025» фестиваліне 1000-ға жуық адам қатысты. Биыл 24-рет ұйымдастырылған қысқы спорт түрлері мерекесінде қатысушылар үшін 9 спорт түрінен сайыстар өтті. Әр жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы тағайындаған дипломмен, медальмен және сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ жарысқа қатысушылар мен жанкүйерлер үшін лотерея ойындары ұйымдастырылды. Ашылу салтанатына Астана қаласы әкімінің орынбасары Ерік Мейірханов, қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит қатысты.



8



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудты және осы елдің Тақ мұрагері, Премьер-министрі ханзада Мұхаммед бен Салманды Корольдіктің негізі қаланған күнмен құттықтады.

Мемлекет басшысы жеделхаттарда халықаралық қауымдастық Сауд Арабиясын экономикасы қарқынды дамыған, іргесі берік, беделді мемлекет ретінде танытынын жазған. Сондай-ақ Корольдік Қазақстанның ислам және

араб әлеміндегі сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі екенін атап өткен. Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы мазмұнды саяси диалогқа негізделген ынтымақтастық алдағы уақытта да сауда-экономикалық және

мәдени-гуманитарлық байланыстардың қарқынды дамуына серпін беретініне сенім білдірді. Қазақстан Президенті Сауд Арабиясының Королі мен Тақ мұрагерінің жауапты қызметтеріне толағай табыс, халқына құт-береке тіледі.

ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУ – НЕГІЗГІ МІНДЕТ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының еліміздің экономикасына инвестициялар тарту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысын қарау жөнінде кеңес өткізді.



Басты мақсат – ірі инвестициялық жобаларды іске асыруды жеделдету және еліміздегі инвестициялық ахуалды жақсартуға кедергі келтіретін жүйелі мәселелерді шешу, сондай-ақ инвестициялық саясаттың тиімділігін арттыру, инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасау және капитал тарту жұмыстарын жандандыру үшін ықтимал шараларды қарастыру.

Сыртқы істер министрлігі, Kazakh Invest компаниясы басшылығының жұмыс қарқыны және инвестициялық қызмет динамикасына әсер еткен факторларды талдау бойынша акпараты тыңдалды. 2024 жылы Қазақстанда 1,85 трлн теңгеге 230 инвестициялық жоба пайдалануға берілді. Инвестициялық штабтың жұмысы бір жыл ішінде жалпы құны \$50 млрд-тан асатын жобалар бойынша инвесторлардың 115 проблемалық мәселесін жоюға мүмкіндік берді.

Қазақстанның неғұрлым жоғары қайта өңдеу және экспорттық мүмкіндіктер үшін әлеуеті бар бәсекелестік артықшылығы басым тауашаларға инвесторларды мақсатты тарту тәсілі енгізілуде. Ынтымақтастық пен белсенді инвестициялау кезеңіне өтудің нақты перспективалары бойынша келіссөздер жүргізу үшін сала көшбасшысы – үздік 10 компания анықталды. Осылайша, жұмыс экономиканың

қажеттіліктерін, өңірлердің бәсекелестік артықшылықтарын және басқа факторларды ескере отырып, «инвестицияларға тапсырыс беру» қағидаты арқылы қайта құрылады.

Мысалы, Қытайдың ірі агроөнеркәсіптік компанияларымен нәтижелі жұмыс жүргізілді. Fufeng Group жақын арада Жамбыл облысында \$350 млн-ға жүгеріні терең өңдеу арқылы натрий глутаматын өндіретін зауыт құрылысын бастауды жоспарлап отыр. Dalian Hesheng Holding Group биыл жазда Ақмола облысында бидайды терең өңдеу кешені шеңберінде \$650 млн-ға құрылыс-монтаждау жұмыстарына кіріседі. Барлық компаниялармен жобаларды «жайластыру» бойынша белсенді жұмыс жалғасуда, яғни инфрақұрылымға қол жеткізу және әкімшілік мәселелерді жедел шешуді қосқанда, қолайлы жағдайлар жасау.

Бұдан басқа, агроөнеркәсіптік кешенді, энергетиканы, өнеркәсіпті, құрылыс материалдарын өндіруді және басқаларын қоса алғанда, экономиканың негізгі салаларын қамтитын \$12 млрд инвестициялардың жалпы көлемі бар 20 стратегиялық жоба айқындалды. Ұсынылған жобалардың ішінен биыл 14 жоба бойынша инвестициялар туралы келісімдер жасасу қарастырылуда, 13 жоба бойынша – құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталуы, тағы 16 жоба

бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуді бастау жоспарланып отыр.

Сондай-ақ жұмыс сапарлары, кездесулер мен басқа да іс-шаралар аясында жүзеге асыру туралы уағдаластықтар жасалған жобаларға назар аударылды. Премьер-министр іске асыру мерзімдері шегерілген инвестициялық жобаларға егжей-тегжейлі тоқталды. Алматы, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл облыстары мен Астана, Шымкент қалаларының әкімдері және министрлер баяндама жасады.

«Бүгінде әкімдіктер тарапынан инвестиция тарту бойынша қабылданатын жатқан шаралары өңірлердің әлеуетін ашып көрсетпейді, экономикалық әлеует жеткілікті пайдаланылмай отыр. Бұл бағыттағы жұмыстар жергілікті өзін-өзі басқару вертикалының барлық деңгейінде, оның ішінде аудан әкімдері деңгейінде де жүргізілуі тиіс» деп тапсырды Премьер-министр.

Өңір әкімдіктері, Министрліктер жұмысының жоспарлы көрсеткіштерін енгізу бойынша тәсілдер мақұлданды. Жобаларды іске асыруды мониторингілеу мен бақылауды күшейтудің пәрменді тетігі бүгінде 1159 жоба туралы деректер бар жаңа Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа болады. Деректер «Атамекен» ҰКП-мен бірлесіп толтырылып, жергілікті жерлерде әкімдіктер тексеріледі.

ЖАҢАРТЫЛҒАН КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫН БАСТАЙДЫ

Елімізде Ұлттық қордан бөлінген қаржы қайда және қалай жұмсалғаны тексеріледі. Шығыстарды бақылау жөніндегі комиссия жұмысын қайта бастады.

Бұл туралы Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Әліхан Смайылов комиссия отырысында мәлімдеді. Ол 2014 жылы құрылғаннан бастап

Ұлттық банк қарамағында болса, 2020 жылдан бастап атқарған лауазымынан Жоғары аудиторлық палата болды. Енді Мемлекет бас-

шысының тапсырмаларын орындау мақсатында комиссияның жұмыс органы форматта және жаңа құраммен жалғасады.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Мемлекет басшысының Жарлығымен Арман Оразбайұлы Қырықбаев Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі

көмекшісі болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды. Бұл туралы Ақорданың ресми телеграм-арнасы хабарлады.



ӘКІМДІКТІҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Amanat партиясының Орталық аппаратында өткен жиында Астана қаласы әкімдігінің өкілдері Amanat партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру барысы туралы есеп берді. Бұл туралы Elordainfo.kz хабарлады.

Астанада сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру барысында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Мәселен, 42 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды. Сондай-ақ 260 млрд теңге сомасына 40 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, ол өз кезегінде 2,4 мың жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 30 400 оқушыға арналған 16 мектеп ашылды.

Елорданың оң және сол жағалауын байланыстырып, Есіл өзені арқылы өтетін автожол

көпірі салынды. Бұл қадам көлік ағынын айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беріп, қаладағы жол жағдайын жақсартты. Осылайша, Amanat партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жұмысы қарқынды жүргізіліп жатыр. Дегенмен, айрықша назар аударуды және жедел шешімін табуды қажет ететін мәселелер бар.

Мониторинг қорытындысы бойынша, сайлауалды бағдарламаны жүзеге асырудың Жол картасында жоспарланған пункттердің 86 пайызы орындалды.

Алайда 14 пайызының орындалмай қалу қаупі бар. Атап айтқанда, инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалар бойынша бірқатар мәселе туындауда.

Партия хатшысы Ержан Жылқыбаев қалған жобаларға қатысты жұмысты жеделдету қажет екенін атап өтті. «Сайлауалды бағдарламаны жүзеге асыру қарқынын төмендетпеу қажет. Азаматтарға уәде етілген жобаларды жүзеге асыру үшін барлық кедергіні жойып, ресурстарды жұмылдыру керек» деді ол.

БІРЛІКТІҢ БІРЕГЕЙ ҮЛГІСІ

Астананың Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған «Родный кут» Қазақстан Республикасы Беларусь мәдени орталықтары қауымдастығы ұйымдастырған дөңгелек үстел отырысы өтті.



Мемлекет, ғылым және мәдениет саласының көрнекті өкілдерінің бас қосқан жиынында Ассамблеяның этносаралық келісім мен ұлттық бірлікті қалыптастырудағы рөлін жан-жақты талқылауға мүмкіндік берді.

Дөңгелек үстел бағдарламасына сәйкес, Беларусь мәдени орталықтың төрағасы, осы жиынның модераторы Дмитрий Останькович үлкен ықыласпен Беларусь Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Алексей Богдановқа, Қазақстанның орыс, славян және казак ұйымдары қауымдастығының төрағасы Владимир Божконың құттықтау лебіздеріне кезек беріп, жиынды бастады. Бұдан кейін көрнекті ғалымдар, сарапшылар

және қоғам қайраткерлері ҚХА жұмысының ғылыми-танымдық бағыттарына, қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі медиацияның рөліне, сондай-ақ этникалық толеранттылықтың қазақстандық моделін қалыптастырудың ерекшеліктеріне қатысты тақырыптарды ортаға салды. Саяси ғылымдар докторы Наталья Калашникова ғылыми және білім беру өлшеміндегі ассамблеяның қызметіне талдау жасап, ассамблеяның осы саладағы маңызды әлеуетіне тоқталды. «Жастар ассамблеясы» төрағасы Тимур Джумурбаев ассамблея құрылымындағы жастар ұйымдарының қызметі туралы оның негізгі бағыттары мен перспективаларын атап өтті.

Профессор Төлеш Қауыров өз сөзінде ҚХА халықтар ара-

сындағы достықты нығайтудың бірегей алаңы ретінде бағалап, қазіргі интернет желісімен бірге блокчейн және жасанды интеллект дамыған заманауи дәуірде Қазақстан халқының рухани құндылықтарын сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Барлық баяндамашылар тәжірибе алмасуға, этносаралық келісімді нығайтудың жаңа шешімдерін іздеуге және көпұлтты Қазақстан қоғамының одан әрі бірлігіне ықпал ететін модельді дамыту перспективаларын талқылауға ерекше назар аударды.

Дөңгелек үстел сындарлы диалогтың жарқын үлгісіне айналып, Қазақстан халқы Ассамблеясының символ ғана емес, халықтар достығын нығайтудың тиімді алаңы екенін тағы бір дәлелдеді.

ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛАДЫ



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек тамақ өнеркәсібін, логистиканы, сауданы және т.б. дамытатын жаңа әрі салынып жатқан кәсіпорындарды аралап шықты. Бұл туралы шаһар басшысы өзінің Instagram парақшасында жазды.

Азық-түлік қауіпсіздігіне байланысты елордада бірқатар іс-шаралар жүзеге асып жатқанын жеткізген әкім Астананың Сарайшық және Байқоңыр аудандарындағы кәсіпорындар кешендерінің жұмысымен танысты.

«Қаламызда азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға септігін тигізетін кәсіпорындар ашуды ары қарай жалғастырамыз. Бүгін тамақ өнеркәсібін, логистиканы, сауданы және т.б. дамытатын жаңа әрі салынып жатқан кәсіпорындарды аралап шықтым. Алдымен Сарайшық ауданындағы «RnR Group» ЖШС кәсіпорындар кешенінің жұмысымен таныстым. Ол – тәулігіне 25 тонна өнім шығаратын нан зауыты және көкөніс қоймасы (6 мың тонна). 2026 жылы тәулігіне 100 тонна сүт өңдейтін зауыт ашу жоспарланып отыр. Бұл жобаға тартылған жеке инвестициялар сомасы 8,1 млрд теңгені құрады. Қазірдің өзінде 250-ге жуық жұмыс орны ашылды» деді Жеңіс Қасымбек.


Сонымен қатар, елорда басшысы Байқоңыр ауданындағы заманауи көкөніс қоймасына барды.

– Байқоңыр ауданындағы «SAIANUR VIP-SERVIS» ЖШС заманауи көкөніс қоймасының инвестиция сомасы – 1,8 млрд теңге, мұнда 200

жұмыс орны ашылды. 8 мың тонна көкөніс қоймасы жеміс пен көкөніс өнімдерінің бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Биыл жеке инвестициялар есебінен Сарайшық ауданында «Технодом» («ОРПТ» АҚ) дүкендер желісінің орталық қоймасын ашу жоспарланып отыр. Жобаға тартылған инвестиция 11,1 млрд теңгені құрай-

ды, сол сияқты 200-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылмақ, – деді қала әкімі. Мәселен, былтыр қалада 49 инвестициялық жоба қолданысқа берілді. Бұл 301 млрд теңге көлемінде жеке қаржы тартуға және 4 мың 100 жұмыс орнын ашуға септігін тигізді.

«Биыл тағы 55 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Инвестициялық штабтарда қаламыз бен тұрғындарымыз үшін маңызды жобаларға қолдау білдіреміз. Біз әр жобаны жеке-жеке қарастырып, инвесторларға жан-жақты қолдау көрсетеміз» деп жазды Жеңіс Қасымбек.



АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Елордада «Жеңіске 100 күн қалғанда» акциясы жалғасып жатыр. Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұланының әскери қызметшілері 101 жастағы соғыс ардагері Рзағұл Байкешевті Жеңістің 80 жылдығымен құттықтап, сый-сияпат табыстады.



Құрмет қарауыл ротасы бастаған ұландық сарбаздар ардагер тұратын үйдің алдынан шеру жасап өтті. Аулада сап түзеген Ұлттық ұланның үлгілі-көрсетімділік оркестрі мен әскери қызметшілері соғыс жылдарындағы әуендерді орындап, қарияны өнерімен тамсандырды.

5573 елордалық бригадасының командирі Аян Есжанов Ұлттық ұлан Бас қолбасшысы Аңсаған Балтабековтың атынан ардагерді Жеңістің 80 жылдық мерекесімен құттықтап, игі тілегін жеткізді.

– Біз ашаршылықты да, жоқшылықты да, қуғын-сүргінді де көрдік. Фин соғысы жайында естіп өстік. Ал Ұлы Отан соғысы өзіміздің басымыздан өтті. Сондықтан көпті көрдік деп айта аламын. Бірақ біздің көргенімізді бүгінгі ұрпақ көрмесе екен деп тілеймін. Елеп-ескеріп келгендеріңізге көп-көп рахмет, – деді ардагер.

Рзағұл Байкешов 1923 жылдың 18 қарашасында Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданында өмірге келген. 17 жасында Қарулы Күштер

қатарына қосылған ол Ресейдің Калинин облысында, Рыжов және Великий Луг қалалары маңындағы шайқастарға қатысып, Польша, Румыния, Венгрия елдерін азат етуге атсалысты. Ұрыс даласында жүріп ефрейтор шенін иеленді. Ерлігі мен батырлығы үшін I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және «Маршал Г.К.Жуков» атындағы медальмен марапатталды.

Құқықтық тәртіп әскері көрсеткен құрметке ғасыр құрдасы да өз ризашылығын білдірді.

ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің бастамасымен «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасының қатысушылары үшін оқытудың ашылуы өтті.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ МЕКТЕБІ

Индира
БЕРЖАНОВА

Іс-шараға қатысқан ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының вице-ректоры Эльмира Оразалиева мен Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Мақсат Мусин жастардың мемлекеттік қызметке орналасудың маңызы мен жобаның ерекшеліктерін сөз етті.

– Мемлекеттік қызметті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында елордада үшінші жыл қатарынан «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасы іске асырылып жатыр. Басты мақсат – елімізде дарынды, талантты және белсенді жастарды мемлекеттік қызметке жұмысқа тарту. «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасы – бітіруші түлектерге мансаптық жолын құрудағы алғашқы қадам. Жоба аясында студент өзінің құзыретін дамыта отыра, мемлекеттік қызметтің жай-күйімен танысады. Өз бағыты бойынша мемлекеттік органдарда өндірістік тәжірибеден өтеді. Жоба соңында арнайы сертификатпен марапатталады.

Жастар үшін бұл жобаның бе-

рері мол. Мәселен, ЖОО-да оқып жүрген жастар осы жобаның көмегімен мемлекеттік қызмет саласына қатысты пайдалы ақпаратты біліп, қызметтің жауапкершілік жүгін сезінетін болады, – деді М.Мусин.

Астана қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары мен жоғары оқу орындарының бітіруші түлектерінен 60-қа жуық өтінім түсіп, 27 белсенді студент іріктеліп, өз мамандықтарына сәйкес бағыттарға бөлінді. Солардың қатарында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 4-курс студенті Ақназым Құрманбай бар.

«Жастар үшін мемлекеттік қызметке орналасу талаптары жеңілдеді. Меніңше, бұл жоғары оқу орнын тәмамдай салысымен тәжірибе жинауға жақсы мүмкіндік бермек. Өзім «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебінде» екі жыл бойы оқып, білікті мамандардан сабақ алып келемін. Жоба тәжірибе алып қана қоймай, белсенді орта табуға, өзімнің жаңа қырларымды ашуға септесті. Мұнда біз білікті сарапшылардың басқару психологиясы, менеджмент секілді сала бойынша түрлі тренингтерінен өтіп, әр саланы тереңірек меңгереміз. Болашақта осы салада өзімді көргім келеді, – деді қатысушы.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2025 жылғы наурыздың екінші онкүндігінде «Астана қаласының көлік жүйесін кешенді дамыту перспективалары» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

КЕШЕННІҢ БІР БӨЛІГІ БҰЗЫЛАДЫ

Астанада салынып жатқан Family park тұрғын үй кешенінде заңсыз тұрғызылған ғимараттар бұзылуда. Елорда әкімдігінің ресми сайтының хабарлауынша, мұндай шешімді сот қабылдады.

Бас шаһардағы Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы бұрын «Өркен 777» ЖШС құрылыс салушысына қатысты «Family park» нысаны бойынша жоспардан тыс тексеру жүргізген болатын. Тексеру нәтижелері бойынша бекітілген жобадан ауытқулар анықталды, осыған байланысты заңбұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді.

Алайда тапсырыс беруші бұл талаптарды орындамады, нәтижесінде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына талап арыз жолданды.

Қазіргі уақытта арыздың талаптары қанағаттандырылды. Бүгінгі таңда мемлекеттік сот орындаушысымен бірлесіп, заңсыз құрылысты бұзу жұмыстары жүргізіліп жатыр.





Ержан
ҚОЖАС

ЖАСТАР ЖҰМЫСШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

Былыр Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай, биыл Жұмысшы мамандықтары жылы екені белгілі. Өткен жылдың соңында Президент бұған қатысты Жарлыққа қол қойып, тиісті құжат күшіне енді. Оң бастаманың мақсаты – нағыз еңбек адамдарын қоғамда дәріптей отырып, елдегі түрлі жұмысшы мамандардың мәртебесін әйгілеу, насихаттау. Әр салада тер төгіп жүрген құрылысшы, диқан, жүргізуші, шахтер, кенші және басқа да көптеген қарапайым жұмысшы өкіліне құрмет көрсету.

Атаулы жыл жария болысымен Үкімет те қауырт жұмысқа кірісті. Жұмысшы мамандықтардың маңызын арттыру, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауда «Жұмысшы мамандықтарының жылы» ұйымдастыру жөніндегі республикалық жоспарын бекітті. 7 бағыт пен 70 қадамнан тұратын құжатта жаңа мамандықтар атласын әзірлеу, кәсіптік бағдар беру тұжырымдамасын жүзеге асыру, техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялау, кәсіби білікті кадрлар даярлау, сапалы жұмыс орындарын құру, жұмысшы кадрлардың құқығын қорғау және мәртебесін көтеру мәселесін қамтыған.

Соның бірі – кәсіби техникалық мамандықтарға жас буынның ынтасын арттыру. Бүгінде Астанадағы техникалық оқу орнында оқып жүрген студенттер түрлі өндіріс пен кәсіпорындардың ішкі жұмысын көруге жиі аялдап жүр. Әсіресе, өз мамандығына үлкен қатысы бар ортаны көруге ұмтылған жастар легі көп. Бұған да себепші – атаулы жылға арналған қолдау мүмкіндіктері. Мысалы, өткен аптада «Астана Тазалық» ЖШС-да қаланың бір топ жастары болды. Елордадағы Жоғары көлік және коммуникация колледжінде оқитын олар кәсіпорын күнделікті қызметімен және саладағы жұмысшы мамандармен танысты.

Жалпы аталған мекеменің қала тазалығын сақтауда ерекше ролі бары белгілі. Ал келген болашақ мамандарға кәсіпорынның арнайы техникалары мен диспетчерлік қызметтің жұмысы көрсетілді.

«Біздің колледж негізінен көлік және коммуникация мамандарын дайындайды. Ал менің мамандығым – «Автомобиль көлігінде тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» деп аталады. Бүгін «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының бастамасымен арнайы экскурсия ұйымдастырылып, мұнда өзіміз бұрын білмейтін заманауи техникалардың жұмысымен жақын таныстық. Әрі келешекте жұмыс істейтін мамандығымызға қатысты көп деректерді естідік. Қосымша диспетчерлік бөлімде болып, мұндағы әр жұмыс күнінің қалай өтетінін білдік. Маған ең ұнағаны – кәсіпорындағы әр команданың керемет жасақталғаны» дейді кол-

ледждің 3-курс студенті Бекарыс Жексен.

Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы мен «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы бастамасымен басталған шараның студенттерге расымен берері көп. Бұған дейін олар техникалық мамандықта оқитын студенттерді құрылыс материалдарын шығаратын зауытқа апарып, дәл осында экскурсия ұйымдастырған да болатын.

«Арнайы техникалық мамандықта оқитын 30-ға жуық студентті әкелдік. Мұндағы мақсат – «Жұмысшы мамандықтары жылы» мен «Таза Қазақстан» акциясын жастар арасында кеңірек насихаттау. Мұндай шаралар жыл бойы жалғасын табатын болады» дейді бізбен тілдескен басқарманың бас маманы Әнел Мансұрова.

Жоғарыда айтқандай, қыс түсісімен қар толастамайтын елордада «Астана Тазалық» кәсіпорнының қарбаласы көбейеді. Мекеме басшылығы-

ның айтуынша, мұндай мезгілде серіктестік жұмысшылары күшейтілген режимде жұмысқа кіріседі. Дәлірек айтсақ, бір ауысымның өзінде, яғни таңғы сағат алтыдан бастап 500-ден астам қызметкер тазалыққа аттанады.

«Серіктестік туралы айтар болсақ, біздің ұжым өз жұмысын Астана қаласы бойынша өте жоғары деңгейде атқарып келе жатыр. Ал бүгінгі келген студент жастарға күнделікті атқаратын міндетімізді түсіндірдік. Тазалықшы қызметкерлерден бөлек, көлік жүргізушілер, механиктер және диспетчерлердің қызметін талдап айттық. Күнделікті жүргізушілерге арналған медициналық тексеріс, көліктердің жұмысқа жарамдылығына рұқсат беру, тазалық аймағына қатысты жол жүру бағдары жайлы түсіндірдік. Сондай-ақ қызметкерлерімізге қажетті техникалардың түрлері мен жабдықтар туралы да мәлімет берілді» дейді серіктестіктің өндірістік-техникалық бөлімі басшысы Ержан Айтмаханұлы.

Оның сөзінше, мекемеге Германия және Италия мемлекетінен қар тазарту жұмысына қажетті соңғы үлгідегі үлкен 10 техника алыныпты. Осындай жаңартудың арқасында қысқы мезгілде тұрғындардың қауіпсіздігі артқан. Колледж студенттері де осы жаңа үлгідегі машиналарды тамашалап көрді.

«Қызметкерлерімізге әр маусым сайын арнайы киім мен құрал-сайман өз уақытында беріледі. Жол тазалау жұмысшылары мен көлік жүргізушілеріне бір мезгіл ыстық тамақты ұйымдастыруды қолға алдық. Сондай-ақ өткен жылы біздің тазалық мамандары шет

мемлекеттерде болып, тәжірибе алмасудан да өтіп келді. Жалпы өз қызметкерлеріміздің біліктілігін арттыру мақсатында түрлі семинарлар, тренингтер ұйымдастырып отырамыз» дейді Е.Айтмаханұлы.

Бүгінде «Астана Тазалық» ЖШС-ында 2000-ға жуық қызметкер бар. Барлығы екі ауысыммен жұмыс істеуде. Сондай-ақ 800 арнайы техника әр маусымдағы түрлі тазалық жұмыстарына қатысады.

Айта кетейік, биыл «Жұмысшы мамандықтары жылында» орай Астанада 8 мыңнан астам азамат түрлі мамандық алмақ. Оның ішінде 5 мыңнан астам адамды кәсіптік оқыту жоспарланған. Бұған газ және электрмен дәнекерлеуші, көлік жүргізушісі, ағаш және жиһаз өндірісі шебері, аспаз, шаштараз, тігінші, киім пішуші, гүл өсіруші, модельер-конструктор, аяқ киім жөндеу және кілт жасау, корпусық жиһаз жасау негіздері, май және автошиналарды ауыстыру авто маманы және т.б. оқыту кіріп отыр.

Сонымен қатар, 2025-2027 жылдары бас қаладағы колледждердің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, студенттерге арналған мың орындық жатақхананы салу жоспарланған. Қалада жұмысшы мамандықтар аллеясы ашылып, жыл бойы кәсіби мерекелерге арналған концерттік бағдарламалар көрсетілді. Түрлі мамандық өкілдеріне арналған «Мамандығым – мақтанышым» қалалық шығармашылық байқауы, суретшілер симпозиумы және музейлерде тақырыптық экскурсиялар мен көрмелер ұйымдастырылып, театрларда еңбек адамдарын дәріптейтін қойылымдар көрсетілмек.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗУҒА ЖОЛ БЕРМЕЙДІ

Астанада полиция «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасында 1700-ге жуық жол ережесін бұзу дерегін анықтады. Олар жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзуға баса назар аударды.

Көлік құралын мас күйінде басқарғаны үшін – 11 құқық бұзушы, қарсы жолаққа шығып кеткені үшін – 29, бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кеткені үшін – 64 жүргізуші, белгіленбеген жолдан өткені үшін 255 жаяу жүргінші ұсталды. Сондай-ақ полицейлер авариялық ахуал туғызудың 62 дерегін анықтады. «Қорғау» мобильді қосымшасының көмегімен жалған немесе мемлекеттік тіркеу нөмірі жоқ көлік құралдарын басқарған 12 автокөлік Астана қаласының коммуналдық тұрағына орналастырылды. Жедел алдын алу іс-шарасы барысында тәртіп сақшылары қала көшелерінің бірінде жол

қозғалысы ережелерін өрескел бұзған Toyota автокөлік жүргізушісін анықтап, ұстады. Жүргізуші қарсы жолаққа шығып, екі жолақты кесіп өткен. Бұл әрекет – жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзу, көлік құралдарын басқару ережелерін елеулі ескеруін талап ететін ахуал туғызудың 62 дерегін анықтады. «Қорғау» мобильді қосымшасының көмегімен жалған немесе мемлекеттік тіркеу нөмірі жоқ көлік құралдарын басқарған 12 автокөлік Астана қаласының коммуналдық тұрағына орналастырылды. Жедел алдын алу іс-шарасы барысында тәртіп сақшылары қала көшелерінің бірінде жол

ЖЕКЕ ҮЙДЕГІ ӨРТТЕН САҚТАНАЙЫҚ

Жеке тұрғын үйлердегі, аула ғимараттарындағы өрт әдетте, отпен жұмыс істеудегі немқұрайлылықтан, атап айтсақ, темекі шегу, от жағу, дәнекерлеу шамдарын қолдану, жылыту, электр жылыту аспаптарын, электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі ақаулар мен бұзушылықтар нәтижесінде пайда болады. Көп жағдайларда тұрғындар күнделікті өмірде өрт қауіпсіздігінің қарапайым ережелерін сақтамайды, өрт туындаған жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін білмейді.

Жеке тұрғын үйдің әрбір иесі күнделікті өмірде өрт қауіпсіздігі шараларын білуі және қатаң сақтауы қажет. Бұл ретте алдымен өзінің өз аумағын күтіп ұстауы керек. Жеке тұрғын үй маңындағы бау-бақша учаскелерінің аумағы жанғыш қалдықтардан, қоқыстардан, ыдыстардан, құрғақ шөптерден, жапырақтардан және т.б. уақтылы тазалануы керек, оларды арнайы бөлінген алаңдарда контейнерлерге немесе жәшіктерге жинап, содан кейін әкеткен дұрыс. Бұл сақтық шарасы жыл бойы сақталуы керек! Өрт сөндіру үшін пайдаланылатын жолдар, өтпелер, кіреберістер, үйлер мен су көздеріне өтетін жолдар арқашан бос болуы керек. Ашық алаңдарда және ауаларда тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары бар ыдыстарды, сондай-ақ сығылған және сұйытылған газдары бар баллондарды қалдыруға рұқсат етілмейді.

Ас үй плиталарын және басқа да плиталарды газбен жабдықтауға арналған газ баллонды қондырғылар (сыйымдылығы 12 л-ден асатын жекелеген баллондар) сыртқы қабырғаның соқыр учаскесінде жанбайтын жапсаржайда үш баллоннан аспайтын баллондар саны бар үйге кіреберістен 5 метрден жақын орналаспауға тиіс. Құрылыстарға жақын жерде от жағу және сөндірілмеген көмір мен күлді тастауға болмайды. Өрбір тұрғын ғимаратта өртке қарсы құрал-жабдықтар және шатырға жететін баспал-

дақ, ал шатырда шатырдың жотасына дейін жететін баспалдақ болуы керек. Шатырлардың, техникалық қабаттардың және жертелелердің терезелері әйнектеліп, есіктері жабық күйде болғаны жөн.

Электр желілері мен электр аспаптарын пайдалану кезінде зақымдалған оқшаулағышы бар электр сымдары мен сымдарды қолдануға, сымдарды байлауға тыйым салынады. Сондай-ақ электр үтіктерін, электр плиткаларын, жанбайтын тұғырлары жоқ электр шайнектерін пайдалануға, үйдегі жылыту электр құралдарын қолдануға болмайды. Электр энергиясын беруді тоқтатқан жағдайда кезекші қызметтің электр монтерін шақыру қажет.

Жеке тұрғын үйлердегі өрттердің алдын алу үшін жалпы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау өте маңызды. Электр, газ, темекі шегу және от жағу сияқты мәселелер бойынша сақтық таныту, өрт сөндіру құралдарын орнату және құрылыс материалдарын дұрыс тастау – өрттің алдын алу үшін негізгі шаралар болып табылады. Сондықтан қала тұрғындарын сақ болуға, өзіңіңе және жақындарыңызға қамқорлық жасауға шақырамыз.

Дария БАЙЗУЛОВА,
Астана қаласы
ТЖД Алматы ауданы
Төтенше жағдайлар
басқармасының бас маманы,
азаматтық қорғау аға лейтенанты



– Былтыр Астана қаласының 2035 жылға дейінгі жаңа Бас жоспарын бекітіп, елорданың алдағы 10 жылдағы дамуына қатысты жоспар жасадыңыздар. Бұл жолы алдыңғы жоспарда жіберілген қателік, яғни адам санының өсіміне қатысты деректерді қате белгілеу ескерілген болар?

– Әрине, өткеннен сабақ ала отырып, біраз жайт ескерілді. 4-5 жылда қаланың барлық аспектісі зерттеліп, қай жерде қандай нысан салынатыны ғана емес, демографиясы, адам саны қалай өсетіні де есептелді. Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға дейін Астана қаласы тұрғындарының саны 2,3 млн адамға дейін жетеді. Ал биыл 1,48 млн тұрғын болады. Осы есеппен алғанда, қаланың тұрғын үй қоры, оларға қандай әлеуметтік нысандар қажет екені, орналастырылған жері, соған сәйкес жол мен инженерлік инфрақұрылым қарастырылды. Қаланың концептуалды дамуының құжаты негізінде егжей-тегжейлі жоспарлау жұмысы жүргізіледі. Мәселен, белгілі бір тұрғын үй орамдарын алсақ, оның қай жерінде үй, қай жерінде балабақша мен мектеп болатыны нақты көрсетіледі. Соның бәрін түбегейлі жоспарлау жобасын Астана қаласының геоақпараттық порталынан қарауға болады. 2035 жылы тұрғын үй қоры 68,2 млн шаршы метр болады деп болжануда, бұл ретте 1 адамға 30 шаршы метрден келеді. Соның 38,4 млн шаршы метрі қазіргі таңда бар. Құрылыс салуға перспективалы ауданы – «Мыңжылдық» аллеясы, «Тельман» тұрғын алабының оңтүстік бөлігі және Тұран даңғылының батыс бөлігі.

БАС ЖОСПАРҒА ӨЗГЕРІС ЕНЕ МЕ?

– Бұл Бас жоспарға да өзгерістер енгізілуі мүмкін. Ол қандай жағдайда енгізіледі?

– Президенттің немесе Үкіметтің тапсырмасымен, басқа да мемлекеттік қажеттіліктерге сәйкес Бас жоспарға өзгеріс енгізу туралы тапсырма түсуі мүмкін. Өзгерістерге қатысты айтарым – қаламызда «точечная застройка» деген мәселе бар, яғни халықтың қаладағы құрылысқа қатысты келіспейтін тұстары болады. Соған орай 2023 жылдың тамызынан бастап әрбір өзгерісті енгізу үшін халықпен қоғамдық талқылау өтетін болды. Көпшілік қарсы болса, өзгерістер енгізілмейді. Оны алдын ала бір ай бұрын хабарлаймыз, қайда, қашан өтетінін өзіміздің сайтымызда, әлеуметтік желілерде және «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеттерінде шығарамыз. Бір жылда 100-ден астам талқылау өтті. Әрбір талқылауда бірнеше нысан қаралуы мүмкін. Бас жоспар – бірнеше бағытты қамтитын ауқымды құжат. Оның ішінде инженерлік және көлік инфрақұрылымын тарту жұмысы да қарастырылады. Су желісін тартуды айтсақ, құбырдың диаметрі қандай болуы, қай жерде жатуы керек екені де жоспарда көрсетілген. Қалада қандай нысан салынса да біздің басқарманың үлесі бар. Себебі әрбір нысан оны жобалаудан басталады. Сол жобалау жұмысын қабылдап алу, өткізу – біздің міндет.

– Бас жоспардан бөлек, басқарма қызметіне не кіреді?

– Әрбір ауданды егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы, одан кейін нысанды салу үшін сәулетті жобалау жұмысы, эскиздік жоба және жер беру құжаты біз арқылы бекітіледі. Басқарма құрылыс салушылардың немесе мемлекеттік органдардың конкурс нәтижесінде келген жобаларын қарастырады. Қазіргі нормаларға, Бас жоспарға сәйкестігін тексеріп, ұсынысын береді, басқарма рұқсат бергеннен кейін ғана олар құрылысты



ЕЛОРДАНЫҢ ЕРТЕҢІН ЖОБАЛАЙДЫ

Астана қаласының бұған дейінгі Бас жоспары 2001 жылы қабылданған. Ондағы есептеу қаланың кейінгі даму қарқынымен сәйкес келмей, жоспарға 2008, 2011, 2016 жылдары өзгерістер енді. Үкімет тапсырмасы бойынша Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы өзіне қарасты «Астана қаласының Бас жоспары» ғылыми-зерттеу жобалау институтымен бірге жаңа Бас жоспарды әзірлеуді қолға алып, оны 2024 жылғы қаңтарда бекітті. Бұдан басқа да маңызды міндеттер туралы аталған басқарманың аудандар бойынша қалалық жоспарлау бөлімінің басшысы Нұрәділ ҒАЛЫМЖАНМЕН сұхбат барысында білдік.

бастайды. Кез келген нысан: биік ғимарат болсын, гүлзар болсын, бәріне де құжат керек. Тағы бір айта кетерлігі – қазіргі кезде әлеуметтік нысандарға көптеген инвестор тартылууда. Күнделікті жұмыстан бөлек, елордадағы әрбір инвестиция жобасын қарастырамыз. Қаламыздың дамуында инвесторлардың үлесі зор. Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы инвесторларды қалаға тартады, сосын біз олардың жобасы бойынша құрылысты қай жерге салуға болатынын, қай жерге болмайтынын және сол нысанға керек инфрақұрылымды қалай тартуға болатынын анықтап береміз. Айына орташа есеппен 20-30 инвестиция жобасы келіп түседі. Қабылданған жобалар бойынша әрі қарай жұмыс жүргіземіз. Ол жұмыс ұзаққа созылады, әр сатысында инвестор кетіп қалуы, қаражаты жетпеуі мүмкін. Негізі, менің тәжірибемде жобасы мақұлданған 10 инвестордың тек 2-3-еуі ғана соңына дейін жетеді. Себебі әртүрлі болуы мүмкін. Басқарманың күнделікті тағы бір ең үлкен жұмысы – халықтан келіп түсетін хаттармен жұмыс істеу. 2024 жылы басқарманың жалпы құжат айналымы 164746 құжатты құрады. Былтыр 100091 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Басқармада 48 адам жұмыс істейді. Жалпы саны 12 мемлекеттік қызмет түрін көрсетеміз. Соның ішінде нысандардың мекенжайын белгілеу – өте ауқымды мемлекеттік қызметтің бірі. Бұл бағытта үйге мекенжай беру, оны түзету, өзгерту, архив мәліметтерін көтеру жұмысы бар.

ҮЛЕСКЕРЛЕР МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕДІ

– Үлескерлер мәселесін шешуде, олардың енді салынатын үйлерге қаржы салуына рұқсат беруде де басқарманың ықпалы бар екен.

– Иә, біздің басқарма тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу шарттарын тіркейді. Құрылыс салушыға үлескердің ақшасын тартуға рұқсат береді. Тұрғындар: «Осындай үйге үлескер ретінде ақша салсам, мына құрылыс компаниясының құжаты бар ма, дұрыс па?» деп сұраныс бере алады. Құрылыс компаниясының жеріне қатысты кедергі болмаған кезде, олардың жобалық құжаттамасы дайын болғанда, ол мемлекеттік сараптамадан өтіп, оңтайлы қорытындысын алғанда ғана үлескер ақшасын тартуға рұқсат етіледі. 2024 жылы осындай 57 рұқсат берілді. «Үлескерлер ақшасын тартуға рұқсат беру» мемлекеттік қызметін көрсету – ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің басқармасы. Бұл 2019 жылы енгізілді, іс жүзінде қызмет шамамен 2022

жылдан көрсетіле бастады. Осы мемлекеттік қызмет енгізілгенге дейін өз бетінше үлескер ретінде ақша салып, «аузы күйгендер» мәселесін шешуге де араласамыз. Негізі, үлескерлермен Астана қаласының Қалалық орта сапасы және бақылау басқармасы жұмыс істейді. Солармен бірге жаңа құрылыс салушыларды тауып, проблемалық үйлерді аяқтау жұмысына тартамыз. Тартқан кезде де құрылыс салушының содан табатын пайдасы болуы керек. Біз сол үшін оның өзге жобаларына көмек береміз немесе құрылыс жүргізуіне басқа жерлерді ұсынамыз. Осындай ортақ келісімге келу арқылы проблемалық үйлер мәселесі шешімін табуға. 2-3 жыл бұрын олар көп еді, қала әкімдігі мен аталған басқармалардың бірлескен жұмысының нәтижесінде біршама азайды.



Қазір қаламызда жер кезегінде 250 мыңнан астам адам тұр. Бірақ Астанада жеке тұрғын үй құрылысына жер берілмейді. ҚР Жер кодексіне сәйкес, әрбір азамат мемлекеттен бір рет тегін жер ала алады. Бірақ берілетін учаскелердің барлық инфрақұрылымы дайын белгілі бір алқапта болуы керек. Кезектегі адамдарға қаланың әр шетінен емес, тек бір алқаптан берілуі тиіс.

– Тұрғындар көпәтерлі үйін қайта жобалау, ішкі қабырғаларын, бөлмелерін өзгерту бойынша рұқсат алуда сіздердің қызметке жүгіне ме?

– Иә, олар қайта жобалауға байланысты бізден рұқсатты үш жағдайда сұрайды. Бірінші – пәтер ішінде оның күрделі конструктивтік элементтеріне тиіскен кезде. Екінші – жалпы үйдің инженерлік коммуникациясына тиіскен кезде. Үшінші – үйдің ортақ мүлкіне өзгерістер енгізер кезде. Егер балқанды қосамын десе, оның іргесі тек қана газоблоктан қаланса, оған рұқсатты бізден алмайды. Жобалық мекемеге барып, жобасын жасап, өзгерте береді. Ортақ мүлікке тиіскен кезде, мысалы, өзінің кіреберісіндегі есігін әрі қарай жылжытса, тұрғындардың рұқсат еткен қолын жинап, сосын бізге келуі керек. Былтыр бізде 4 мыңнан астам адамға осы қызмет түрі көрсетілді.

ЖЕР КІМДЕРГЕ БЕРІЛЕДІ?

– Астанада жер кезегінде тұрғындарға жер беру мәселесі қашан қайта қарастырылады?

– Қазір қаламызда жер кезегінде 250 мыңнан астам адам тұр. Бірақ Астанада жеке тұрғын үй құрылысына жер берілмейді. ҚР Жер кодексіне сәйкес, әрбір азамат мемлекеттен бір рет тегін жер ала алады. Бірақ берілетін учаскелердің барлық инфрақұрылымы дайын белгілі бір алқапта болуы керек. Кезектегі адамдарға қаланың әр шетінен емес, тек бір алқаптан берілуі тиіс. Қалада ондай дайын алқаптар жоқ. 2006 жылдан бері мұндай алқаптар дайындалмады.

– Қандай жер кімдерге берілуі мүмкін?

– Инвестиция жобаларына беріледі және аукционда сатылуы мүмкін. 2024 жылы аукцион арқылы 13 телім сатылды, содан бюджетке 106 млн теңге түсті.

– Халықтың шағымы көбіне қандай мәселелерге байланысты туындайды?

– Келген хаттарды талдағанда байқағанымыз – олар көбіне тұрғын үй құрылысына қатысты болады, «неге екі үй арасы жақын, неге мектеп жоқ?» деген шағымдар өте көп келеді. Астанада Түркістан, Ақмешіт көшелерінде 2000 жылдары салынған ең алғашқы үйлер орналасқан, қазір сол маңайларда мектептер жетпей жатыр, себебі оны салуға орын жоқ. Бұл көшелердегі мектептер бұрынғы есептеу бойынша салынған. Тұрғындардың бәрі бірдей балаларын өз үйінің қасындағы мектепке апармайды. Сондықтан қалада жалпы мектептерді көбейте отырып жүктемесі ауыр мектептер мәселесін, сол мектепке басқа жақтан қатынайтын балаларды өз мектебіне ауыстыру арқылы шешуге тырысамыз. 2024-2025 оқу жылы басталғалы 24 оқу орнының құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Оның 16-сы – «Жайлы мектеп». Одан бөлек, жаңа оқу жылында тағы 15 мектеп ашылады деп жоспарлануда. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында әлі де 24 мектеп салынбақ. Оқу орындарын салуға құрылыс компанияларының жеке қаражаты тартылады. Бұл қала бюджетін үнемдеп, оны басқа жерде мектептер салуға жұмсауына септік етеді. 2019-2024 жылдар аралығында әлеуметтік нысандарға бөлінген телімдер саны екі есе артып, олардың ауданы 2,7 есе өсті. 2019 жылы тек 32 нысан салынса, 2024 жылы 62 жаңа нысан қарастырылды. Сонымен қатар олардың ауданы да өзгерді, 2019 жылы ол 77 гектар жерде орналасса, 2024 жылы 206 гектарға салынды. Осы ретте көпәтерлі тұрғын үй кешендеріне берілген жер телімінің ауданы мен саны айтарлықтай азайды. Бұл әлеуметтік нысандар жетіспеушілігін азайтуға септік етті.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

КРИПТОВАЛЮТА КІРІС КӨЗІ МЕ?



Бюджет тапшылығы кім-кімнің де басын қатырады. Жалғыз бізде емес, әлемде солай. Екіншіден, қазір ақша айналымының, дұрысы, валюталық алыс-берістің түрі көп. Қағаз ақша, онлайн-аударым, тағысын тағы. Соның бірі – криптовалюта. Бір қызығы, қаржы әлемінде сәнге айналған валютаның бұл нұсқасының ерекшелігі – қандай да бір орталық банкке бағынбайды. Кез келген мемлекеттің айналысында жүре береді, яғни шекара жоқ.

Ержан ҚОЖАС

ҚАРЖЫНЫ ТЕК БІЛІММЕН ИГЕРУ ҚАЖЕТ

Біз тілдескен Темірлан Нұрахимов «Астана» халықаралық қаржы орталығынан арнайы лицензия алып, бұл салада жұмыс бастағанына 2 жылға жуықтады. Алғаш 2023 жылдың ақпанында Tarlan Development Group Ltd компаниясын құрған ол криптовалюта бойынша оқыту, ағартушылық бағытта жұмысын бастады. Ал былтыр жыл соңына қарай Wise Invest Consulting Ltd компаниясын жасақтап, цифрлық активтерге дұрыс инвестициялау жолдарын көрсете бастады. Жалпы мұндағы мақсат – криптовалюта нарығын бәріне қолжетімді ету.

Темірлан адамдардың криптовалютаға деген қызығушылығы артқанмен, көпшілігінің бұл салада білімі жоғары айтып отыр. Сондықтан олар алақаттық схемасының құрбаны болуда.

– Жұрт бұл саланы табысқа оңай жетудің жолы деп есептейді. Әу баста өзім де солай ойлағанмын. Алақаттарға алданып, аузымыз әбден күйген уақыттар болған. Артына оқып, қаржылық білім алдық. Компания құрудағы мақсатым сол, ел-жұрттың өзіндегі алданғанын қаламадым. Қазір біз секілді компания көп. Әлеуметтік желіде криптовалютадан тез табыс табуды үйретеміз деп жатады. Бірақ адамдарға кредит алдырып, қарызға батырып ақша алдырады. «Сол ақшаны осында сал, бірнеше айда пәленбай мың доллар табысың» деген тәтті сөзбен алдайды. Бірақ аз уақыттан соң ақша да жоқ, доллар болып келеді деген табыс та жоқ. Есесіне әлгі сенген адам пәлен мың немесе пәлен миллион теңге қарыз қалады. Біздің компания құрудағы мақсатымыз – осы. Криптовалютаға ынғалы топты жинап, оларға барлық ерекшелігін түсіндіреміз. Арнайы сабақ өткізіп, дайындаймыз. Екіншіден, біздегі академия дәрісі біткен соң психологияны меңгеруі керек. Өйткені бұл – трейдинг, тәуекелді жағынан сан түрлі. Биржада соған дайын болу керек. Үшіншіден, адамдарды үйретіп қана қоймай, ең мықтыларын өз командамызға аламыз, – дейді компания басшысы.

ТАБЫСҚА ЖЕТУДЕГІ ТҮРЛІ ҚАДАМ

Темірланның сөзіне сенсек, жалпы криптовалюта нарығына белгілі бір капиталмен кіріп, қысқа мерзімде 2-3 есе пайда көруге болады. Мысалы, дәл осы Темірлан басқаратын компанияда Бақытжан есімді қызметкер криптовалютадан тапқан табыстың арқасында тойын да істеп, пәтер алған. Бүгінде Tarlan Development Group Ltd

цифрлық активтер академиясын ашу арқылы азаматтарға криптонарықтың қыр-сырын ұғындыруда.

– Академияға белгілі бір білім алған, өмірге көзқарасы қалыптасқан жастардан бастап 55-60 жас аралығына дейінгі азаматтар қабылданады. Алғашқы салымды 10 доллармен бастауға болады. Бәріне ортақ тәртіп бойынша соңғы ақшаны бұл жерге әкелуге болмайды. Өйткені адамда «бұл менің соңғы ақшам, тезірек табыс табуым керек» деген психология пайда болады. Бұл адамды табысқа емес, құлдырауға жетелейді, – дейді Темірлан.


Tarlan Trading Academy оқу бөлімінің жетекшісі Бағдат Мараловтың айтуынша, іріктеліп шыққан үздіктер мобильді қосымшаны жүктеп алып, сонда тест тапсырады, видеосабактарға қатысады.

– Сабақты онлайн және офлайн нұсқада алуға мүмкіндік бар. Оқу үдерісі – 3 ай. Алғашқы 3 аптада базалық оқыту жүргізіледі. Оның аясында техникалық және фундаменталды талдау негіздері үйретіледі. Одан кейінгі 2 апта үзілістен соң әрі қарай 7-8 апта кәсіби сабақ жалғасады. Жалпы бізден білім алып шыққан студент әрі сайын 10-12 пайыз табысқа жетіп отырады. Оны Instagram-дағы парақшамызда үнемі көрсетеміз. Бізге олардың қанша ақша салып жатқаны туралы ақпарат керек емес. Ең бастысы, біз оларға дұрыс жол нұсқадық, табыс пен тәуекел аражігін ажыраттық, әрі қарай шешімді өздері қабылдайды. Тек кей жағдайда «бүгін мына монета өсуі мүмкін, оған инвестициялап көрейік» деп кеңес береміз, – дейді.

Жоғарыда айтқандай, компанияның тағы бір мақсаты – криптоинвестициялық қор құру. Яғни бұл – биткойн, басқа да койндарды сатып алып, соларға инвестиция жасап, айналымға енгізу. Біраз уақыттан кейін сол монеталар өсу пайызын көрсете бастайды. Мысалы, түрлі болжаммен алдағы бірнеше айдың ішінде биткойн бағасы 2-3 есе өсуі мүмкін. Бұл – 1 млн доллар инвестиция құйылса, ол 18 айдың ішінде 3-4 млн доллар болып қайтады деген сөз. Темірлан Нұрахимовтың айтуынша, Tarlan Development Group Ltd цифрлық активтер бағытын қосу арқылы Қазақстанның инвестициялық арсеналын әртарапандырудың жаңа құралдарын жасауға ұмтылады. Бүгінде компаниядағы сарапшылар инвесторларға қызықты портфель қалыптастырып үлгерген. Бұл нарық блокчейн-технология өнімі және IT-мен тығыз байланысты.

БИТКОЙН ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Алдымен биткойн деген не, оған анықтаманы кейіпкеріміздің өз аузымен беріп өтсек.



– Бұл – сатып алуға, сақтауға және инвестиция ретінде қолданылатын цифрлық ақша. Теңге не доллар сияқты, бірақ қағаз түрінде емес, онлайн жұмыс істейді. 2009 жылы іске қосылған биткойн желісі банкке тәуелді емес, тіптен қожайыны да белгісіз. Тікелей аударым жасауға әбден болады. Сондай-ақ мұнда ешкімнің жеке дерегі көрсетілмейді. Жалпы биткойнды қалай өндіреді деген сұраққа келсек, ол үшін майнинг фермалар блокстар жасап, сол биткойндарды іздеп жатыр. Майнерлер алгоритмдік тапсырманы шешу арқылы биткойндарды іздеп жарысады. Ең басты әрі мықты криптовалюта биткойн екені белгілі. Әрине, оның құлдырайтын кезі болады, бірақ құны әрдайым өсуде. Былтыр жыл басында құны 44 мың доллар болса, наурыз айында 73 мың доллар көлемінде саудаланған. Қазір 97 мың доллар маңайында тұр, – дейді Темірлан.

Компания сарапшыларының айтуынша, биыл биткойн бағасы

ақша SWIFT аударым арқылы 10 жұмыс күні ішінде жетеді екен. «Сальвадор, Ұлыбритания, АҚШ, ЕО, Канада, Жапония, Аустралия қазірдің өзінде биткойнды төлем қаражаты ретінде пайдаланады. Әрі оларды инвестиция ретінде сақтау үшін жинайды. Яғни биткойн құны 100 мың доллардан өсіп кеткен жағдайда ел бюджеті автоматты түрде ұлғая бермек» дейді бас директор.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ КЕРЕК

Бүгінде компания еліміздің нарығында өз ісін жүргізуге лицензия алған Ataiх Eurasia крипто-биржасымен бірге тығыз жұмыс істеуде.

– Елімізде, бұдан бөлек, биржалар жұмыс істейді. Олардың өзіне тән артықшылығы мен кемшілігі бар. Кей биржаларда ақша айналымы аз болады, кейбірі сауда операциялары үшін пайыз ұстайды. Сондықтан нарыққа қадам баспас бұрын қаржы сауатын меңгерген дұрыс.

**ЕЛІМІЗДЕ БИРЖАЛАР ЖҰМЫС
ІСТЕЙДІ. ОЛАРДЫҢ ӨЗІНЕ ТӘН
АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІГІ
БАР. КЕЙ БИРЖАЛАРДА АҚША
АЙНАЛЫМЫ АЗ БОЛАДЫ, КЕЙБІРІ
САУДА ОПЕРАЦИЯЛАРЫ ҮШІН
ПАЙЫЗ ҰСТАЙДЫ. СОНДЫҚТАН
НАРЫҚҚА ҚАДАМ БАСПАС
БҰРЫН ҚАРЖЫ САУАТЫН
МЕҢГЕРГЕН ДҰРЫС**

120-150 мың долларға жетуі мүмкін. Оған себеп – АҚШ президенті Д.Трампының қолдауы және америкалық институционалды инвесторлардың қаражат салуы. Айтпақшы, биткойнның аударымға қатысты жеңілдігі бар. Мысалы, шетелде тұратын досыңа 10 мың доллар жіберу керек болса, оны криптовалюта көмегімен 5 минуттың ішінде аударуға болады. Ұстайтын комиссиясы – 1 доллардан асар-аспас. Ал дәстүрлі бағытпен жіберсек, 10 мың доллардың 5-6 пайызы комиссияға кетеді, одан бөлек,

Ең басты нәрсе, Мемлекет басшысы Үкімет алдына инвестициялық климатты арттыру және елге тікелей инвестиция тарту бойынша жаңа тегістерді құру туралы міндет қойды. Осы ретте криптонарықтың жалпы капиталдануының көлемі 2,8 трлн доллар екеніне назар аудару керек. Бұл цифр геометриялық прогрессиямен өсуде. Әлемдегі жедел дамып келе жатқан осындай нарық мүмкіндігін қолдан шығарып алмауымыз керек, – дейді компания басшысы Темірлан Нұрахимов.

Әрбір ата-ана баласын балабақшаға білім алысын, тәрбие көрсін, ортаға бейімделсін, қатарластарымен дұрыс қарым-қатынас жасасын деген ниетпен береді. Бірақ Қазақстандағы балабақшаларда балаларды тәртіпке, еңбекқорлыққа және ізгілікке тәрбиелеуден гөрі мерекелерді тойлауға, балалардың сыйлық жасап үйренуіне көбірек мән берілетін сияқты.

БАЛАНЫ БАСТАН БҰЗБАЙЫҚ...

Қалиакбар
ҮСЕМЖАНҰЛЫ

Балабақшалардың көбі мереке атаулыны құр жібермей атап өтетіндіктен, ата-аналар да балабақшадағы ақша жинау мәселесінен әлі құтыла алмай отыр.

Қазақстанда мектептер мен балабақшаларда ата-аналардан ақша жинауға қатаң тыйым салынған. Оқу-ағарту министрлігі бұл мәселе бойынша бірнеше мәрте ескерту жасап, заң бұзушылықтар болса, тиісті шаралар қолданылатынын хабарлаған. Бірақ тәрбиешілердің өздері ешқандай қаражат талап етпесе де, ата-аналардың бастамасымен ұйымдас-

лады. Мысалы, Финляндияда білім беру толықтай мемлекет қаржыландыратын сала болғандықтан, ата-аналардан ешқандай қосымша төлем талап етілмейді. Германияда балабақшаға арнайы төлем жүйесі бар, бірақ ата-аналардың қосымша шығын шығаруы қатаң бақыланады. Жапонияда мерекелер мен сыйлықтарға арнайы бюджет бөлінеді, ата-аналардан ақша жинау дәстүрі жоқ.

Қысқасы, орынсыз тойлау мен түрлі сылтаумен ата-аналар арқылы ақша жинауды тоқтатпай, балаларды дұрыс тәрбиеге баулу қиын. Ең бастысы, тәрбие мен білімнің сапасына назар аудару керек. Балабақша балаларды мереке тойлауға емес,



тырылатын «ерікті» ақша жинау тыйылар емес. «Мерекке безендіруге», «киім алуға», «балалардың сыйлығына», «тәрбиешілерге алғыс білдіруге» деген сылтаумен 1000-2000 теңгеден жиналатын қаражат ата-ана үшін қосымша шығынға айналған. «Арық атқа қамшы ауыр» дегендей, мұндай дәстүр көпбалалы ата-аналардың қалтасына едәуір салмақ екенін былай қойғанда, бұл әдеттің соңы баланы жастайынан пара беруге, сыйлық арқылы көңіл алуға дағдыландыратынын ескермей жүрміз. Өйткені бұл үрдіс балаларға «жақсы қарым-қатынас орнату үшін сыйлық беру керек» деген ойды сіңіріп, жемқорлықтың алғашқы сатысын қалыптастырады. Мұндай әрекеттер балалардың адалдық, әділеттілік сияқты құндылықтарды дұрыс түсінуіне кедергі келтіруі мүмкін.

Дамыған елдерде балабақшаларда ата-аналардан ақша жинау мүлдем жол берілмейтін әрекет сана-

өмірге бейімдейтін орта болуы тиіс. Біріншіден, кішкентай балаларға мереке-мейрамның мағынасын толық түсіндірмей, оларға осындай дәстүрлерді үйрету қаншалықты орынды? Екіншіден, мұндай тәжірибе балалардың қарым-қатынасына, тәрбиесіне қалай әсер етеді?

Кішкентай балалар үшін шынайы қарым-қатынас пен достық сезімін қалыптастыру айрықша маңызды. Егер оларды ерте бастан «міндетті түрде гүл сыйлау керек», «сыйлық беру керек» деп үйретсек, бұл олардың табиғи қарым-қатынас жасау дағдысын өзгертуі мүмкін. Кейін олар әрбір мерекені материалдық сыйлықсыз өткізуге болмайды деген сөзін қалыптастырып алуы ықтимал. Сондықтан балалардың санасында мереке біткеннің бәрін тойлайтын, ойнайтын күн деген ұғым сіңірмес үшін олардың жас ерекшелігін ескере отырып, мерекені тәрбиелік мәні бар іс-шаралармен алмастырған жөн.

Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Келесі жылы Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайы өтіп, қандастарды тарихи отанына оралтуға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетіні ресми түрде жарияланды. Осыдан кейін көші-қон саясаты күшейіп, қандастарға арнайы жеңілдіктер мен қолдау шаралары қарастырыла бастады. Соның нәтижесінде 1991 жылдан бастап қазірге дейін 1,5 миллионға жуық қандасмыз тарихи отанына оралып, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына өз үлесін қосуда. Бұл – ұлттың бірігуі мен тарихи әділеттілікті қалпына келтірудегі маңызды қадам.

«Елге ел қосылса – құт» демекші, Өзбекстан, Ресей, Қытай, Моңғолия, Түркия, Иран, Түрікменстан, Еуропа елдерінен келген қандастарымыз еліміздің демографиялық өсіміне үлес қосып қана қоймай, ел экономикасының өсуіне, мәдениетінің түрленіп, ғылым-білім саласының дамуына, мемлекеттік тілдің күш алуына, ұлттық құндылықтарымыздың ұлықталуына үлкен үлес қосты. Көптеген қандас жеке кәсіп ашып, ауыл шаруашылығы, өндіріс, саудасаттық салаларында еңбек етіп, жаңа жұмыс орындарының қалыптасуына ықпал етсе, шетелден келген қазақ зиялылары, ғалымдары, оқытушылар мен IT, емдеу-денсаулық сақтау саласының мамандары өз саласына үлкен жаңалықтар әкелді. Олардың бірқатары Қазақстанның жетекші университеттерінде дәріс оқып, ғылыми зерттеулер жүргізуде. Отанына оралған ағайындар арасында ақын-жазушылар, тарихшылар, музыканттар, кинорежиссерлер, қолөнер шеберлері де аз емес. Олар қазақтың дәстүрлі мәдениетін дәріптеп, мәдени мұраны жаңғырту жұмысына да белсене атсалысты.

Шетелден келген қандастарымыздың еліміздің бас қаласы – Астанаға орналасып, елорданың әр саласының ілгері басына айтарлықтай үлес қосып жатқанын атап өткен жөн. Астана іскерлік орталық болғандықтан, қандастардың бір бөлігі шағын және орта бизнес ашып, сауда, құрылыс, қызмет көрсету салаларында белсенді жұмыс істеуде. Қытай, Түркия, Өзбекстан, Моңғолиядан келген қазақтар ұлттық өнімдерді өндіру, мейрамхана және сауда бизнесін дамытуда аса белсенді. Ресми мәліметтерге сүйенсек, өткен жылы Астана қаласында қандас мәртебесін алған 28013 этникалық қазақтың 19591-і қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының азаматтығын алған. Өткен жылы Астанада эт-



ЕЛДІКТІҢ ІРГЕТАСЫН БЕКЕМДЕЙДІ

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері шетелдегі этникалық қазақтарды тарихи отанына оралту саясатын белсенді жүргізіп келеді. 1991 жылы 18 қарашада «Басқа республикалардан және шетелдерден ауылдық жерлерде жұмыс істеуге тілек білдіруші қазақ ұлтының адамдарын Қазақстан Республикасында қоныстандыру тәртібі мен шарттары туралы» қаулы қабылданды.

никалық қазақтардың отбасын біріктіру мақсатында 6 шақырту рәсімделді. Сонымен қатар 245 этникалық қазақтың қандас мәртебесінің мерзімі ұзарған.

2023 жылы шілдеден бастап шет елде тұратын этникалық қазақтарға «Ата жолы» картасын алып, Қазақстанға оңайлатылған кіру мүмкіндігі берілді. Шетелде тұратын этникалық қазақтарға азаматтығын сақтай отырып, 10 жылдық мерзіммен берілетін бұл картаға қызығушылық танытып отырған қандастардың саны да көп. Айта кетейік, 2023 жылы 1 шілдеден бастап қазірге дейін 65 «Ата жолы» картасы берілді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, елімізде өз ісін дамытуға дайын бизнес-иммигранттар 27 карта алса, сұранысқа ие мамандар 38 картаның иегері атанған.

Қазір қандастарымыздың Қазақстанға көшіп келуіне ақпарат беріп, консультация көрсету мақсатында «Отандастар» қорының ақпараттық қолдау орталығы жұмыс істейді. Бүгінге дейін мұнда қандастардан келген 30 мыңнан аса өтінімге жауап берілген.

Қандастардың жаңа ортаға сәтті бейімделуі – мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттің бірі. Олардың басты мәселелерінің қатарында құжат рәсімдеу, тұрғын үй-мен, білім алу мен жұмыспен қамту секілді факторлар бар. Қазақстан Үкіметі осы мәселелерді шешу үшін түрлі бағдар-



Қазір қандастарымыздың Қазақстанға көшіп келуіне ақпарат беріп, консультация көрсету мақсатында «Отандастар» қорының ақпараттық қолдау орталығы жұмыс істейді. Бүгінге дейін мұнда қандастардан келген 30 мыңнан аса өтінімге жауап берілген

ламаны қолға алып отыр. Мысалы, қандастарға арналған арнайы квота, тегін тіл курсы мен кәсіптік оқыту курсы ұйымдастырылып келеді. Сонымен қатар қандастардың өздері де жаңа ортаға бейімделу үшін белсенділік танытып, кәсіп ашып, түрлі салада қызмет етіп, елдің дамуына өз үлесін қосып келеді. Бүгінде ғылым, мәдениет, кәсіпкерлік және спорт салаларында жетістікке жеткен қандастардың саны артып келеді. Бұл – олардың жаңа ортаға тез бейімделіп, тарихи отанында өз орнын таба алғанының айқын дәлелі.

Белгілі ғалым, тарихшы Тұрсынхан Зәкен қандастардың елге оралуын тек көші-қон үрдісі ғана емес, ұлттың тұтастығы жолындағы ұлы миссия деп есептейді.

«Қазақ көшінің ұлы керуеніне көз жүгірткенде, оның түпкі мақсаты ұлттың бірлігі мен болашағын нығайту болғанын байқаймыз. Тәуелсіздік алғаннан кейін қандастардың елге оралуы жай ғана миграциялық процесс емес, ол, ең алдымен, ұлттық сана жаңғыруының көрінісі. Қазақ халқы тарихында шашылып, әр қиырға кеткенмен, олардың ортақ арманы тәуелсіз еліне жету еді. Бүгінгі таңда біз сол ұлы армандардың орындалып жатқанын көріп отырмыз. Бұл Қазақстанға сандық өсіммен қатар, сапалық өзгеріс те әкеліп, елдік сананы тіпті нығайта түсті. Елемейтін, елдіктің іргетасын бекемдейтін тарихи құбылыс» дейді ғалым.

Қысқасы, «Шетелдегі қандастарымызды елге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Дүние жүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парызымыз» деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айрықша атап көрсеткендей, этникалық қазақтардың тарихи отанына оралуы тек көші-қон процесі ғана емес, бұл – ұлттың ұлы ұйысуын жүзеге асырып, ұлттық бірегейлікті сақтау және ұлттың ұлы дамуы жолындағы маңызды қадам. Қандастардың болашақта Қазақстанның дамуына зор үлес қоса беретініне күмән жоқ. Ең бастысы, олардың елде өздерін толыққанды азамат ретінде сезінуі үшін мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалса болғаны.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУДЫҢ КЕШЕНДІ ШАРАЛАРЫ

Құқықтық мәдениетті арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін маңызды міндеттің бірі. Құқықтық мәдениет дегеніміз – қоғамның құқықтық нормалар мен заңдарға деген қатынасы, адамдардың құқықтық білім деңгейі мен құқықты қорғау мәдениеті. Құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі қоғамдағы тәртіпті, әділеттілікті және азаматтық жауапкершілікті қамтамасыз етеді.

Құқықтық мәдениетті арттыру жолдары:

1. Құқықтық білім беру: мектептер мен жоғары оқу орнындағы құқық пәндерін енгізу арқылы оқушылар мен студенттерге өз құқығы мен міндеттерін түсіндіру маңызды. Бұл құқықтық сауаттылықты арттырып, заңға құрметті қалыптастырады.

2. Құқықтық насихат: қоғамдық ұйымдар мен билік органдары дәріс, семинар, тренинг өткізу арқылы халықтың құқықтық білімін арттыруға үлес қосады. Бұл шаралар азаматтардың заңдарды түсінуіне және оларды сақтауға ынталандырады.

3. Құқықтық тәжірибе: соттар, прокурорлар мен құқық қорғау органдарының тиімді жұмысы қоғамның құқықтық мәдениетін нығайтады. Әділеттік пен заңның үстемдігі қамтамасыз етілген жағдайда азаматтар заңдарды сақтауға бейім болады.

4. Өзін-өзі тәрбиелеу: әрбір азамат өз құқығы мен міндеттерін біліп, заңды ұстануға тырысуы қажет. Бұл – құқық бұзушылықтың алдын алудың тиімді жолдарының бірі.

Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін құқықтық мәдениетті арттырумен қатар, келесі шараларды жүзеге асыру маңызды:

• Жасөспірімдермен жұмыс: мектептерде құқықтық тәрбие беру арқылы жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастыру қажет. Бұл құқық бұзушылықтың алдын алуға ықпал етеді.

• Қоғамдық бақылау: қоғамдық ұйымдар мен азаматтық қоғам институттары құқықтық тәртіпті сақтауды бақылап, құқық

бұзушылықты анықтауға және оларды түзетуге белсенді қатысуы тиіс.

Мүлікті тәркілеу – бұл құқық бұзушылық жасаған тұлғаның меншігіндегі мүлікті мемлекет пайдасына мәжбүрлеп алу шарасы. Бұл шара қылмыстық жауапкершіліктің бір түрі және көбінесе ауыр немесе аса ауыр қылмыс үшін қолданылады.

Мүлікті тәркілеудің ерекшеліктері:

• Міндетті сипат: мүлікті тәркілеу сот үкімімен міндетті түрде орындалады.

• Қолдану аясы: көбінесе ауыр және аса ауыр қылмыс үшін қолданылады.

• Мақсаты: қылмыстық жолмен алынған мүлікті мемлекет пайдасына алу арқылы әділеттілікті қамтамасыз ету.

• Әкімшілік айыппұлдан айырмашылығы: мүлікті тәркілеу – қылмыстық жауапкершіліктің шарасы, ал айыппұлдар әкімшілік құқық бұзушылық үшін қолданылады.

• Конфискациядан айырмашылығы: конфискация жалпы мүлікті тәркілеуді білдірсе, мүлікті тәркілеу нақты қылмыстық жолмен алынған немесе қылмыс жасауға пайдаланылған мүлікті алуды көздейді.

Қорытындылай келе, құқықтық мәдениетті арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу үшін кешенді шараларды жүзеге асыру қажет. Бұл қоғамдағы заңға құрметті нығайтып, құқықтық санасын қалыптастыру қажет. Бұл құқық бұзушылықтың алдын алуға ықпал етеді.

Д.БАЙҒУАНОВ,
Астана қаласы Әділет департаменті жеке және заңды тұлғалардан сомаларын өндіру бөлімінің сот орындаушысы

КОНРАД АДЕНАУЭР АТЫНДАҒЫ ҚОРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДА ТІРКЕЛГЕН БІРЛЕСТІГІНІҢ ӨКІЛДІГІ

Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы тіркелген бірлестігінің өкілдігі Конрад Аденауэр атындағы қордың – Германия Федеративтік Республикасының демократияны нығайтуды, азаматтық қоғам құруды, Еуропаны біріктіруді, саяси білім беруді, талантты жастарды қолдауды және халықаралық ынтымақтастықты дамытуды жақтайтын саяси ұйымның жекеленген бөлімшесі болып табылады.

Өкілдікті Конрад Аденауэр атындағы қор құрды және ол өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, қордың жарғысын және өкілдік туралы ережені басышылыққа алады.

Қызметтің мақсаты мен мәні: – Германия Федеративтік Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен әріптестікті тереңдетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру, экономикалық және әлеуметтік дамуына ықпал ететін жобаларды қолдау;

– ғылыми-зерттеу еңбектерін басып шығаруға және оларды таратуға жәрдемдесу;

– ерекше дарынды жастарды қолдау.

Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігі қызметінің негізгі бағыттары:

– Саясат және партиялық жұмыс мәселелері бойынша консультациялар;

– Парламентаралық диалог;

– Азаматтық қоғам мен ҰЕҰ құрылымдарын дамыту;

– Саяси коммуникация және БАҚ-ты дамыту;

– Қоршаған орта және климат;

– Жаңартылатын энергия көздері және энергия тиімділігі;

– Қауіпсіздік мәселелері бойынша сыртқы саясат және диалог;

– «Sur-Place» бағдарламасы.

Өкілдік балансында бір көлік құралы бар.

Бюджетті қалыптастыру көзі: Германияның Федералды экономикалық ынтымақтастық және даму министрлігінің қаражатынан Конрад Аденауэр қорының Бас кеңсесі (Берлин).

1-кесте. Ақша қаражаттарының қозғалысы

2024 жылғы 01 қаңтардан 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең

Есепті кезеңнің басындағы ақшалай қаражат, теңге	0
Ақша қаражатының түсімі, теңге	299 788 095
оның ішінде:	
2024 жылға қаржыландыру	299 788 095
Ақша қаражатының шығыуы, кезең ішінде барлығы, теңге	299 788 095
оның ішінде:	
Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу	86 319 922
Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру (жарияланымдар / басылымдар / интернет-порталдар)	84 636 120
Sur-Place гранты	5 280 000
Өкілдікті күтіп-ұстау	83 552 053
Есепті кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат, теңге	0

Шығыстардың бағыттары:

1. Іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу
2024 жылы Астана, Алматы, Шымкент, Семей, Жезқазған, Қонаев, Өскемен, Жаңаөзен, Қарағанды, Павлодар, Петропавл, Қызылорда, Ақтөбе, Қостанай елді мекендерінде азаматтық қоғам мен белсенділікті, әйелдердің саяси көшбасшылығын, саяси коммуни-

кацияны, БАҚ пен саясаттың өзара іс-қимылын, энергетикалық қауіпсіздік пен энергия үнемдеуді дамыту, сондай-ақ Орталық Азиядағы өңіраралық ынтымақтастық саласында 9 іс-шара (өңірлік конференциялар, семинарлар, тренингтер, форумдар, оқыту бағдарламалары) сәтті өтті.

2. Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру

(жарияланымдар / басылымдар / порталдар)

Есепті кезеңде Конрад Аденауэр атындағы қордың Қазақстандағы өкілдігінің жәрдемдесуімен:

• «Қазақстандағы саясат пен азаматтық қоғамдағы әйелдер» зерттеуі қазақ және орыс тілдерінде;

• Ой еркіндігі мен сөз бостандығының медиа-күнтізбесі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «QazaqGreen» журналы – «Қазіргі заман сын-қатерлерін қабылдап – бірге тұрақты болашаққа»

басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «QazaqGreen» журналы – «Энергетикалық ауысымның өзекті мәселелері» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «QazaqGreen» журналы – «Жаңа әлем үшін ынтымақ» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• Ауаның ластануы туралы «Робин және өзгерістер желі» комиксі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «ADALAZAMAT» азаматтық

қоғам журналы – «Қазақстанның үшінші секторы: жаңа сын-қатерлер мен көңіктер» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде;

• «ADALAZAMAT» азаматтық қоғам журналы – «Қазақстандағы азаматтық қоғамды дамытудың бағыттары» басылымы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

3. Sur-Place грант бағдарламасы аясында Конрад Аденауэр қоры жастардың оқудағы қабілетін ашуға ғана емес, сонымен бірге өз білімін, күші мен бастамасын өз елінің саяси және әлеуметтік өміріне қатысуға арнауға дайын дарынды жастарға қолдау көрсетеді. Осы жоба аясында 13 Sur-Place-грант бөлінді.

4. Күтіп-ұстау шығындары. Өкілдіктің күтіп-ұстау шығындарына негізгі құралдарды сатып алу, қызметкерлердің іссапарлары, кеңсені жалға алу және жабдықтау, компьютерлендіру, жалақы, салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер, ағымдағы шығындар кіреді.

№22 (4766) 25/02/2025 Сейсенбі



Сұлтан СЕЙІТ

«БҰРҚАСЫННЫҢ» ҚЫЗЫҒЫ КӨП...

(Соңы. Басы 1-бетте)

«Сіздерді қысқы спорт мерекесі – «Бұрқасын» фестивалінде көргеніме қуаныштымын. Бұл іс-шара 24 жыл бойы Астанамыздың ажырамас бөлігіне айналып, салауатты өмір салтын насихаттау мен қысқы спорт түрлерін дамытуда ерекше орын алып келеді. Жарыс әділ әрі жоғары деңгейде өтетініне сенімім мол. Барша қатысушыға сәттілік тілеймін! Қысқы спорттың қуанышын бірге бөлісе-

йік, «Бұрқасын» фестивалі бәрімізге жарқын эмоция сыйласын!» деді Ерік Мейірманов. Биыл 24-рет өтіп жатқан қысқы спорт фестиваліне 1000-ға жуық қатысушы тіркеліп, 9 спорт түрі бойынша сынға түсті.

«Бұқаралық спортты дамыту мақсатында көптеген іс-шараның өтетінін білемін. Бірақ дәл осы «Бұрқасын» қысқы фестивалінің орны бөлек деп айтып жатады. Сондықтан арнайы келуді жөн көрдім. Тек көрермен ретінде ғана емес,

қол күресінен өзімнің күшімді тексеріп көрмекшімін. Алған эмоциям керемет! Демалыс күнім сәтті өтті деп айтуға толық негіз бар» деді өз эмоциясымен бөліскен Данияр Әлтенев.

Іс-шара соңында әр жас тобындағы жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломен, медальмен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ барша қатысушылар арасында лотерея ойнатылып, түрлі естелік сыйлық табысталды.



БАРШАҒА АРНАЛҒАН ФУТБОЛ

Астанада Walking Football турнирі өтті. Бұл жарыстың ерекшелігі футболды жүгіріп емес, жаяу жүріп ойнайды.



Жарысты ұйымдастырушылардың айтуынша, шағын футболдың бір түріне кіретін жаяу футболды кез келген жастағы адам ойнай алады әрі бұл – қауіпсіз ойын. Басты ережесі – допты тек жаяу жүріп қана алға жылжытады.

Бұл жолғы жарысқа қатысқан ең егде ойыншының жасы 70-тен асса да, ол өзін

жақсы ойыншы ретінде көрсете білді. Жаяу футболдың тағы бір ерекшелігі – ерлер және әйелдер командалары бір-біріне қарсы ойнай алады. Турнирді Қазақстан футбол федерациясының қолдауымен Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы мен Спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу дирекциясы ұйымдастырды.

Дайындаған Шапағат ӘБДІР

«КӨКТЕМНІҢ ОЯНУЫ»: КӨРМЕГЕ КЕЛҢІЗ

Елордадағы «SalSeri» арт-галереясында «Ауыл» партиясы және Астана қаласы Мәдениет басқармасының ұйымдастыруымен «Көктемнің оянуы» атты сурет көрмесі ашылды.

Наурыз мерекесіне және «Ауыл» партиясының 25 жылдығына арналған көрмеге Қазақстанның белгілі суретшілерінің жұмыстары қойылды. Іс-шараға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев қатысып, сөз сөйледі.

Көрмеге туындылары қойылған Қазақстан суретшілер одағының және Қазақстан дизайнерлер одағының мүшесі, академик Бақытнұр Бурдесбеков, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Әділғали Баяндин, Қазақстан суретшілер одағының және Еуразиялық дизайнерлер одағының мүшесі, Ресей суретшілері кәсіби одағының мүшесі,



Ұлттық дизайн академиясының академигі, Мәдениет қайраткері Төлеуғазы Байғалиев, Қазақстан

суретшілер одағының мүшесі Табын Қылышбай, Қазақстан суретшілер одағының және Еура-



зиялық дизайнерлер одағының мүшесі Ренат Елубай сияқты қылқалам шеберлері де қатысты.

– Наурыз мейрамы, Алғыс айту мен Халықаралық әйелдер күндеріне орай танымал суретшілердің туындыларынан арнайы көрме ұйымдастырып жатырмыз. Жұмыстары қойылған авторларымыздың туындылары көптеген халықаралық көрмеде көрсетіліп, кейбірі АҚШ, Еуропа және басқа елдердің өнерсүйер қауымының жеке коллекцияларында сақталуда. Сондықтан өнер әлемге ортақ. Осы кісілердің туындылары арқылы әлем қазақтың тарихын, мәдениетін, тұрмысын, табиғатын және қазіргі Қазақстанды таниды. Осы көрмені ұйымдастыру арқылы «Ауыл» партиясы еңбек адамдарына қашанда қолдаушы екенін білдіргіміз келді. Туындылар жастардың бойында патриотизм мен туған жерге

деген сүйіспеншілігін арттырады және олардың моральдық құндылықтарын қалыптастыруда, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық сананы орнықтыруда маңызды рөл атқарады, – деді «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаев.

Әртүрлі стильдегі туындылар табиғат пен туған жерге деген сүйіспеншілікке, рухани жылудың толы. Еріген қар мен алғашқы жасыл желектің нәзік реңктерімен толған көктемгі пейзаждардың сұлулығы адамзаттың, туған өлкенің, ауылдың, қазақ даласының, табиғаттың көктемгі оянуының ғажап әлемін бейнелеп тұр.

Көрме 5 наурызға дейін жалғасады. Дүйсенбі-жұма күндері сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін жұмыс істейді.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – ЕРКІН ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – ҒАЛЫМ ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 22

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ